

**«ҚазГЗУ» АҚ әскери кафедрасы**



**Әскери психология және педагогика**

№ 2 тақырып. «Жауынгердің жеке тұлғасының психологиялық құрылымы. Қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеттердің әртүрлі жағдайларында әскери қызметшілерді психологиялық даярлауға қойылатын талаптар».



№ 1 Сабақ

Оқу сұрақтары:

1. Әскери қызметшінің жеке тұлғасы. Жеке тұлғаны психодиагностикалаудың әдістері.
2. Қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеттердің әртүрлі түрлерін әлеуметтік-психологиялық талдау және олардың шарттарының жеке құрамның моральдық-психологиялық жағдайына ықпал етуі.



Оқу мақсаттары:

1. Жеке тұлғаның өзіндік ерекшеліктерін оқып білу.
2. Студенттерді жеке тұлғаны психодиагностикалаудың әдіс-айласымен таныстыру.
3. Қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеттердің әртүрлі түрлерін әлеуметтік-психологиялық талдаумен таныстыру және олардың жеке құрамның моральдық-психологиялық жағдайына ықпал етуі.

## ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1) ҚР ҚМ 2010 ж. 28.11. № 926 «Психологиялық жұмыстардың құрылымы және іс-әрекеттерінің бағыттарын бекіту туралы» бұйрығы;
- 2) ҚР ҚМ 2010 ж. 08.10. № 771 «ҚРП – ҚР ҚК ЖБҚ талаптарына сәйкес ҚР ҚК-дегі әскери тәртіпті және құқық тәртібін нығайту бойынша жұмыстардың жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша іс-шаралар туралы» бұйрығы;
- 3) ҚР ҚМ 2011ж. 30.09. № 400 «Армия ортасындағы діни бүлдіргіш күштер ұйымдары және радикалды діни ағымдардың идеологиясына қарсы күрес бойынша әскери басқару органдарын ұйымдастырудың әдістерін ұйымдастыру туралы» бұйрығы;
- 4) Әдістемелік ұсыныстар «ҚР ҚК тәрбие және идеологиялық жұмыстарды ұйымдастыру», ҚР ҚК БШ, 2014 ж.;
- 5) Калюжный А.С. Әскери қызметшінің жеке басының психологиясы: Оқу құралы. (Электрондық қор). – Н.Новгород: НГТУ, 2004. –39 с. – Рұқсат режимі: <http://www.nntu.sci-nnov.ru/study-vospitat.php>;
- 6) Немов Р.С. Психология: Оқулық. - М.: 2003. - 688 с.;
- 7) Әскери психология және педагогика», Воениздат. 1986 ж.;
- 8) Командирдің психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттерінің негіздері. Іс-әрекеттегі және қарым-қатынастағы жеке тұлға, Алматы, 1995 ж. Асмоллов А.Г.;
- 9) Жеке тұлғаның психологиясы, 1990. Психологияға кіріспе (оқу құралы), Алматы, 2000 ж.;
- 10) Подласый И.П., Педагогика. Екі кітапта. Москва, 2006 ж;
- 11) Семикина Т. Әскери қызметшілердің жеке ерекшеліктерінің психодиагностикасы: Ақпараттық-әдістемелік жинақ. – М., 1993. –128 с. <http://www.nntu.sci-nnov.ru/disciplines/study-vospitat.php>.

философия

тарих

Адамды көптеген  
ғылымдар  
зерттейді

медицина

Социология және т.б.

Әскери психология және педагогика әскери қызметшінің жеке тұлғасының қалыптасу және даму заңдылықтарын, жеке ерекшеліктерінің айырмашылығын және олардың әскери-кәсіби қызметтің барлық саласындағы көріністерін зерттейді.

1-ші сұрақ. Әскери қызметшінің жеке тұлғасы.  
Жеке тұлғаны психодиагностикалаудың әдістері.

Әскери қызметшінің психологиялық жүйесінің  
негізі мыналардан құралады

Психологиялық  
процестер  
(танымдық, ,  
эмоциялық,  
жігерлік),

Психологиялық  
ерекшеліктер



Психологиялық  
жағдайлар

Психологиялық  
білім

Жауынгердің жеке тұлғасы - бұл оның жеке-психологиялық ерекшеліктері, қасиеттері және психологиялық жағдайының үстемдігі.



Жеке тұлғаның психологиялық жүйесінің, психологиялық процестердің ағымына, адамның жағдайына әсер ететін ең маңызды компоненттердің бірі жеке тұлғаның ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ болып табылады.



ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР - бұл жауынгерлерді айырып тануға, олардың амал-қимылдарын және іс-әрекеттерінің себептерін білуге мүмкіндік беретін жеке-психологиялық өзгешеліктер.



ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ  
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



БАҒЫТТЫЛЫҚ

ТЕМПЕРАМЕНТ (ЖІГЕРЛІЛІК)

МІНЕЗ

ҚАБІЛЕТТІЛІК

БАҒЫТТЫЛЫҚ – өмірдегі қызметтің барлық жақтарына және әлеуметтік құндылықтарға қатысты өмірлік және әскери-арнайы мақсаттардың, қарым-қатынастардың ең тұрақты жиынтығы.



Жауынгердің  
мотивациялық  
саласының  
құрамдастары

ҚАЖЕТТІЛІКТЕР


СЕБЕПТЕР

МАҚСАТ






ҚАЖЕТТІЛІК - бұл бір нәрсенің жетіспеушілігі туралы психологиялық немесе физиологиялық түйсіктің ішкі жағдайы



СЕБЕП – жауынгердің іс-әрекеттерінің және амалдарының қозғаушы күші .  
*(Қажеттіліктерден айырмашылығы, тек қана адамда ғана себептер болады)*



Қажеттіліктер олардың ұғыну деңгейі бойынша іс-әрекеттердің себептері болғандықтан, іс-әрекеттерге ниеттендіруші күш ретінде қолданыла бастайды.

**МАҚСАТ** - жауынгердің тәртібі нақты бір уақытта тікелей, міндетті түрде саналы нәтижеге бағытталғанын түсіндіретін мотивациялық фактор.

Психологиялық тұрғыда мақсат - жауынгердің іс-әрекетінің тікелей және жуық арада күтілетін нәтижесі ретінде қабылданатын, сананың мотивациялық-қозғаушы мазмұны.




**МОРАЛЬДЫҚ-ЭТИКАЛЫҚ БАҒЫТТЫЛЫҚ**

Ниеттің үстем  
көріністерінің  
саласына  
байланысты  
ажыратылады:

**ӘСКЕРИ-КӘСІБИ БАҒЫТТЫЛЫҚ**

**ТҰРМЫСТЫҚ БАҒЫТТЫЛЫҚ**



Әскери қызметшінің  
тұлғасының  
бағыттылығын  
зерделеу

1) моральдық-адамгершілік дамуының деңгейі, жалпы адами, ұлттық-мемлекеттік және жауынгердің жеке құндылығының иерархиясы, сенімділіктің мазмұны және тұрақтылығы және оның сыртқы тәртіпке ықпалы және әскери іс-әрекеттердің тиімділігі;

2) іс-әрекеттерінің таяудағы және болашақтағы мақсаттары, өмірлік жоспарлары, үстемдік себептері және оның себепті шарттастығы, жауынгердің өзінің кәсіби өсуіне, бөлімнің, бөлімшенің жауынгерлік даярлығына және жауынгерлік қабілетіне қарым-қатынасы;

3) жеке басымдық қажеттіліктері, қызығушылықтары, әуестіктері және тілектері, талпыныстары және бейімділіктері

САНГВИНИК

ФЛЕГМАТИК

ТЕМПЕРАМЕНТ  
(ЖІГЕРЛІЛІК) – бұл  
жеке тұлғаның  
психикалық қасиеттері,  
ол психикалық  
процестердің  
ағымының серпінімен  
сипатталады.

МЕЛАНХОЛИК

ХОЛЕРИК

*Phlegmaticus*



*Cholericus*



*Sanguinicus*



*Melancholicus*



## САНГВИНИК



Оның жүйке-психикалық процестері мықты, едәуір тез өзгереді.

Сыртқы мінез-құлқы бойынша бұл елгезек, сонымен қатар ымдап және қолын сермеп сөйлейтін мәнердегі ұстамды адам.

Ол әсерсіл, сыртқы қоздырғыштарды тез сезінеді, өзінше талдау жасауға аз қабілетті, тапсырмаларды жеңіл орындайды, қозғалмалы жұмыстарды ұнатады. Жатырқамайтындығымен, сергектігімен ерекшеленеді.

Кемшіліктері: жетекшілікке талпынысы басқа адамдарды өзіне бағындыру қажеттілігіне айналуы мүмкін. Оптимизм, ақ көңілділік сықақшылдыққа және сауық-сайранға ауысуы мүмкін. Істерді аяқсыз қалдыруы мүмкін, көбінесе ойланбастан ағат шешімдер қабылдайды. Сангвинниктің шыдамы және назары тұрақсыз, «үсті бойынша сырғуға», қиыншылықтардан айналып өтуге бейім.

## ХОЛЕРИК



Оның темпераменті (жігерлілігі) бірін бірі тез алмастыратын жүйкелік психологиялық процестердің үлкен қарқындылығымен ерекшеленеді. Ол байсалды емес, әдетте оның қоздыруы тежеуден басымырақ болады, жиі ұстамды емес, тікбақай, шешімді, бастамашыл, сөйлескіш.

Кемшіліктері: көңіл-күйінің тез өзгеруі, ашуланшақтық, агрессияшыл көріністерге дейінгі эмоциялық іркілістер. Әсіресе оны өзінің сезімін тежеу қажеттілігі және шектен тыс белсенділігі жабырқатады. Және бұл оның артықтау асығыстығы, шешімдерінің аңғырттығы, көкіректігі және өкпелегіштігі оған жұмыста кедергі болуы мүмкін.



## ФЛЕГМАТИК



Оның іс-әрекеттерінің жүйкелік-психологиялық процестері мықты, қоздыру тежеумен теңестіріледі. Ол істерінде баяу, өзінен сирек шығады. Тапсырманы орындауда, оны ұзақ ойластырады, бірақ, шешім қабылдағаннан кейін сабырлы, бұлтартпай орындайды.

*Кемшіліктері:* шешім қабылдарда ұзақ толқиды; жаңа ортаға жәй бейімделеді.

Бірақ, меланхоликке қарағанда басқа адамның көмегінсіз өзі шешеді.

Енжарлыққа, қызықпаушылыққа, тұйықтыққа бейім. Босаң, салғырт болуы мүмкін. Бір жұмыстан басқа жұмысқа ауытқуы қиынға соғады. Флегматикке шыдамдылық және байсалдылықты талап ететін жұмыстарды тапсыру ұсынылады.

## МЕЛАНХОЛИК



Оның жүйкелік-психикалық процестері нашар білінеді, тежеу реакциялары басымырақ. Ол әдетте өзімен-өзі томаға-тұйық, адамдармен аз араласады, ым-ишарат, ымдау нашар. Шешім қабылдарда жиі толғанады, оның дұрыстығына күмәнданады.

*Кемшіліктері: көңіл-күйінің тез өзгеруі, ашуланшақ, агрессияшыл жағдайға дейінгі эмоциялық іркіліс. Әсіресе оны өзінің сезімдерін тежеу және шектен тыс белсенділігі қынжылтады.*

Командирдің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары қандай да бір адамның темпераментін (жігерлілігін) зерттегенде міндетті түрде келесі жағдайларды ескеруі қажет:



1 адамдарда таза түрдегі темперамент болмайды

2 темперамент өмірдің жағдайларымен, ұжымдағы іс-әрекеттердің ықпалымен түзетіледі

3 темпераментке теріс түсініктікпен қарауға жол бермеу қажет, себебі кез келген темпераменттегі адамның бойында барлық қоғамдық маңызы бар жеке тұлғаның қасиеттері дамуы мүмкін

4 жеке тұлғаның басқа да ерекшеліктеріне байланысты темпераментті ескеру қажет, бұл алдымен зияткерлік дамуына, моральдық қасиеттеріне, бағыттылығына және әсершілдігіне байланысты

5 оқытуда және тәрбиелеуде темпераменттің ерекшеліктерін жан-жақты ескеру қажет, себебі жауынгерлер темпераменттеріне байланысты оқу материалдарын әртүрлі қабылдайды


МИНЕЗ – адамның тәрбиесінің барлық жағына ықпал ететін және оның жеке өзгешелігін білдіретін ең тұрақты психологиялық сипаттардың жиынтығы.

Мінездің жеке сипаттары


зияткерлік (ұғымталдық, амалшылық, тапқырлық, түсінгіштік);

эмоциялық (әсерленгіштік, төзімділік, байсалдылық, ашуланшақтық, күмәнданғыштық және т.б.);


жігерлік (шешімділік, батылдық, табандылық, өжеттік, ұйымдастырушылық және т.б.).




ҚАБІЛЕТТЕР - бұл адамның бір істі үздік меңгеруіне және іс-әрекеттердің нақты түрлерімен айналысуына мүмкіндік беретін психологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы




Адамға іс-әрекеттердің бір немесе бірнеше түрлерімен үздік шұғылдануға мүмкіндік беретін қабілеттердің өзіндік жинағы және тіркесімі ДАРЫНДЫЛЫҚ деп аталады.



Қажырлы еңбекпен тіркесімдегі дарындылықтың жоғары деңгейі ТАЛАНТ болып табылады.



Адамзат үшін үлкен маңызы бар ғылыми жаңалықтар ашуда, шығармашылықтарда білінетін дарындылықтың жоғары деңгейі – ДАНЫШПАНДЫҚ.



Осылайша, жеке тұлғаның басты өзіндік ерекшеліктері әскери қызметшінің психологиялық келбетін, оның **ДАРАЛЫҒЫН** анықтайды

Жеке тұлғаның мінездемесіне эмоциялық-жігерлік процестер негізінде қалыптасатын, жеке тұлғаның эмоциялық-жігерлік саласына жататын, психологиялық процестердің дербес топтары елеулі ықпал етеді.



Эмоциялық-жігерлік процестер – адамның бойында жүріп жатқан процестерді басқаратын, адам психикасының жалпы функционалдық жағдайы.

Оларға мыналар жатады

ЭМОЦИЯЛАР

СЕЗІМДЕР

ЖІГЕР

## Эмоциялық-жігерлік процестер



**ЭМОЦИЯЛАР** – биологиялық шартты күйзелістерде көрінетін объективті әлемнің заттары және құбылыстарына адам психикасының реакциясы бейнеленген процесс.



**СЕЗІМДЕР** – рухани шартты күйзелістерде көрінетін объективті шындықтың құбылыстарына адамның тұрақты эмоциялық қарым-қатынасы.



**ЖІГЕР** – адамның қойылған мақсаттарға сәйкес, физиологиялық және психологиялық қиындықтарды (кедергілерді) жеңіп, саналы түрде іс-әрекет ету қабілеті.



# ЭМОЦИЯЛЫҚ-СЕЗІМДІК ЖАҒДАЙЛАР



ҚУАНЫШ

ТАҢЫРҚАУ

ҚАСІРЕТ

АШУ-ЫЗА

ЖЕРКЕНІШ

ЖАРАТПАУШЫЛЫҚ

БАЙБАЛАМ

ҮРЕЙ

ҰЯТ


ҚОРҚУ

СЕСКЕНШЕКТІК

АФФЕКТ (КҮЙЗЕЛІС)

СТРЕСС

ФРУСТРАЦИЯ



Әскери қызметшілердің жеке ерекшеліктерін  
зерделеу



Қадағалау әдісі

Бағыныстылардың жеке ерекшеліктерін зерделеудегі  
диагностикалық әңгімелесу

Жауап алу


Құжаттарды талдау әдісі

Тәжірибе әдісі

Сауалнама әдісі

Тәуелсіз мінездемелер әдісі

Биографиялық әдіс



2-СҰРАҚ: Қызметтік-жауынгерлік қызметтің  
әртүрлі түрлерін әлеуметтік-психологиялық  
талдау және оның шарттарының жеке  
құрамның моральдық-психологиялық  
жағдайына ықпал етуі



Қызметтік-жауынгерлік  
іс-әрекеттер

Мемлекеттік мүдделерді қорғау бойынша мақсаттарға қол жеткізу үшін қару-жарақ, жауынгерлік техника және тағы басқа құралдарды нақты немесе ықтимал түрде қолдануға негізделген, жүзеге асырылатын өзара байланысты іс-әрекеттер жүйесі.





Қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеттер (ҚЖІӨ) зерттеу мынаны болжайды




1) оның сыртқы шарттарын, пәнін, құралдарын және мінезін анықтау, ;

2) әскери қызметшілердің психикасына әсер ету;

3) оның ішкі шарттарын, мақсаттарын, себептерін, тәсілдерін талдау;

4) іс-әрекеттерді басқару мүмкіндіктерін зерттеу.



Ұрыс –  
жауынгердің  
өміріндегі ең зор  
драма

Сыртқы факторлар:

- 1) шығындар көлемі;
- 2) оқшаулау;
- 3) жауынгерлік іс-әрекеттердің қарқындылығы;
- 4) тіршілік әрекеті ырғағының бұзылуы

Ішкі факторлар тобы – психофизиологиялық және психологиялық:

- 1) Жеке тұлғаның өзіндік ерекшеліктері: бағыттылық, мінез, темперамент, жігерін, эмоциясын, қабілеттерін және т.б. көрсету;
- 2) Стресс (психологиялық шиеленісу);
- 3) Үрей;
- 4) Қорқу;
- 5) Дабыл;
- 6) Сұмдық (аффективті сұмдық);
- 7) Топтық байбалам;
- 8) Шаршау.

## Өз бетінше даярлыққа тапсырма :

1. Лекция конспектісін толықтыру ;
2. Әскери қызметшінің психологиялық өзіндік ерекшеліктерін зерделеу;
3. Әскери қызметшілердің психологиялық өзіндік ерекшеліктерінің анықтамасын зерделеу;
4. Эмоциялық-жігерлік процестердің мінезін және оның жеке құрамның қызметтік іс-әрекеттеріне ықпал етуін анықтау;
5. Психологиялық процестерді зерделегенде не ескеріледі?
6. Әскери қызметшінің жеке тұлғасын зерделегенде қандай әдістер қолданылады?
7. Қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеттерде психологиялық процестердің ерекшеліктері неде көрінеді?
8. Ұрыстың ерекшеліктері?



Опорный конспект по теме №2:

- 1) Разработал полковник запаса В.Тимошенко;
- 2) Перевод подполковника запаса С.Мухановой